ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 2қараша № 4360-23-00-2/2527 ісҚызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясыСансызбаева А.М.,оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Шовкопляс» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Владимир НиколаевичШовкопляс

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының жауапкер «Шовкопляс» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Владимир НиколаевичШовкоплясты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндірутуралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Шовкопляс» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Владимир НиколаевичШовкопляс мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Шовкопляс» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Владимир НиколаевичШовкоплястан талап қоюшының пайдасына 34 263

(отыз төрт мың екі жүз алпыс үш) теңге тұрақсыздық айыбын және 1 028 (бір мың жиырма сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Шовкопляс» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Владимир НиколаевичШовкоплястан мемлекет кірісіне 1 725(бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.М.Сансызбаева**

Көшірмесі дұрыс.

Тораға **Б.Е. Елшібеков**

Анықтама: Шешім 20 желтоқсан 2023 жылы заңды күшіне енді.

Тораға **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 02.11.2023